



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ
КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

«Мұнай сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының

Директорлар кеңесімен бекітілген

2025 жылғы «25» желтоқсандағы № 02-01/30 хаттама

2026 жылғы «12» қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Семей қ.

МАЗМҰНЫ:

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ	3
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	3
4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ.....	4
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР	4
6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	5
7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	5
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТТЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ.....	7
9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	8
10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	8
11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУДЕН БАС ТARTU ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.	9
12. СУБРОГАЦИЯ	10
13. ФОРС-МАЖОР.....	10
14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	10
15. ҚОСЫМША ШАРТТАР.....	11

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ, бұдан әрі – "Сақтандырушы", осы Аудиторлық ұйымдардың кәсіптік жауапкершілігін ерікті сақтандыру Ережелері (бұдан әрі – "Ережелер") және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде аудиторлық ұйымдармен (бұдан әрі – "Сақтанушы") аудиторлық ұйымдардың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - "сақтандыру Шарт") жасасады.
- 1.2. Ережелерде қолданылатын негізгі терминдер:
 - 1.2.1. **Аудиторлық ұйымның кәсіби жауапкершілігі**- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында аудиторлық ұйымның аудит жүргізген кезде аудиттелетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндеті белгіленеді.
 - 1.2.2. **Аудиттелетін субъект**-аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуге арналған шарт жасасқан заңды тұлға.
 - 1.2.3. **Пайда алушы** - Ережелерге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
 - 1.2.4. **Сақтандыру жағдайы** - Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуді оның басталуымен сақтандыру Шарты қарастыратын оқиға.
 - 1.2.5. **Сақтанушы**-Сақтандырушымен аудиторлық ұйымның кәсіптік жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарт жасасқан аудиторлық ұйым.
 - 1.2.6. **Сақтандырушы**-сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру Шартында белгіленген соманың шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар заңды тұлға.
 - 1.2.7. **Сақтандыру төлемі**- сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде, Сақтандырушы пайда алушыға төлейтін ақша сомасы
 - 1.2.8. **Сақтандыру сыйлықақысы** - сақтандыру Шартында айқындалған мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) соңғысының Сақтанушыға (Пайда алушыға) аудиторлық ұйымның кәсіби жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдауы.
 - 1.2.9. **Сақтандыру сомасы**-сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін сақтандырылған ақша сомасы.
 - 1.2.10. **Франшиза**-Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Сақтандыру объектісі ретінде аудит жүргізу кезінде Сақтанушының қасақана емес кәсіби қатесі нәтижесінде аудит жүргізіліп жатқан субъектілерге (бұдан әрі -"Пайда алушылар" немесе "Жәбірленушілер") келтірілген мүліктік зақымды, Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіппен өтеу міндетіне байланысты соңғысының мүліктік мүдделері болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлық ұйымның кәсіптік қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияда көрсетілген кәсіптік қызметтер тізбесін көрсетуі кезінде Сақтанушының байқаусызда кәсіптік қателігі нәтижесінде жәбірленушіге (пайда алушыға) мүліктік залал келтіру Сақтанушының жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады.
- 3.2. Жәбірленушіге зиян келтіргені үшін Сақтанушының жауапкершілігінің басталу фактісі Сақтанушының жәбірленушіге келтірген зиянын өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі немесе Сақтанушының зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп тануы және Сақтанушының талаптарын тануымен Сақтандырушының келісімі негізінде белгіленеді.
- 3.3. Сақтанушының зиян келтіргені үшін жауапкершілігінің басталу фактісі Пайда алушыға (оқиғаға) сақтандыру жағдайы деп келесі жағдайда танылады:
 - 3.3.1. Пайда алушының мүліктік мүдделеріне зиян келтіру Сақтанушының аудиторлық қызметімен тікелей себепті байланысы;
 - 3.3.2. Сақтанушының байқаусызда кәсіби қателігі, соның салдарынан Жәбірленушіге (Пайда алушыға) мүліктік залал келтірілген, Сақтанушы сақтандыру шартында (ретроактивті күні) көрсетілген

- 3.3.3. күннен ерте емес немесе сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде жасаған; залалды өтеу туралы талапты жәбірленуші Сақтанушыға сақтандыру Шартының қолданылу кезеңі немесе Сақтанушы келтірген мүлдік зиянды өтеу туралы талап арызды жәбірленуші сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сотқа берілуі керек.

4. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ МЕН САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

- 4.1. Сақтандыру сомасы Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім бойынша белгіленеді.
- 4.2. Сақтандыру Шартында сақтандыру төлемінің шектеулері көрсетілуі мүмкін, олар өз тарапынан, сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде болған әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін шекті сомалармен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте бір себеппен орын алған бірнеше залал бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
- 4.3. Сақтандыру төлемінің шектеулері сақтандыру Шартын жасасу кезінде Тараптардың өзара келісімі бойынша анықталады.
- 4.4. Сақтандыру шартында Тараптар франшиза мөлшерін белгілей алады. Франшиза сақтандыру сомасының белгілі бір пайызы түрінде немесе нақты ақшалай сомада белгіленуі мүмкін.
- 4.4.1. Келтірілген залалдың мөлшері белгіленген франшиза мөлшерінен асатын жағдайларда, сақтандыру төлемі залалдың толық сомасы мен франшиза белгіленген мөлшері арасындағы айырма мөлшерінде жүзеге асырылады.
- 4.4.2. Келтірілген залалдың мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерден кем немесе оған тең болған жағдайларда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
- 4.5. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифі негізінде белгіленеді.
- 4.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтандырушының банктік шотқа ақша аудару жолымен немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен жүргізіледі.
- 4.7. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде бір рет және бөліп төлеу арқылы төленеді.
- 4.8. Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу міндеті / бірінші сақтандыру сыйлықақысы егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, Тараптардың уәкілетті өкілдері сақтандыру шартына қол қойған күні туындайды.
- 4.9. Егер сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу және сақтандыру жағдай кезекті сақтандыру жарнасы төленгенге дейін орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарналарының сомасын есепке алуға құқылы.
- 4.10. Сақтанушыдан сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктіргені үшін мерзімі өткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында немесе сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, бірақ белгіленген сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы алынады.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР

- 5.1. **Сақтандырушы келесі жағдайда жауапты болып табылмайды:**
- 5.1.1. сақтандыру сомасының мөлшерінен және сақтандыру шартында белгіленген жауапкершіліктер шегінен асатын залалды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 5.1.2. сақтандыру шартын жасасу кезінде белгіленетін сақтандыру аумағынан тыс жерде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар;
- 5.2. **Сақтандырушы келесі салдардан келтірілген залал үшін жауап бермейді:**
- 5.2.1. Сақтанушының немесе жәбірленушінің (Пайда алушының) қасақана әрекеттері сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған болса, оның ішінде сақтанушы мен жәбірленуші (пайда алушы) арасындағы сөз байласу;
- 5.2.2. жүзеге асыруға арналған лицензияда көрсетілмеген аудиторлық қызмет түрін жүзеге асыру немесе сақтанушының Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында айқындалған аудиторлық ұйымның функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы туралы;
- 5.2.3. жәбірленушіде (Пайда алушыда) аудиторлық тексеру өткізу мүмкін емес жағдайларды Сақтанушының жасыруы;
- 5.2.4. лицензияны берген атқарушы органдардың шешімімен лицензияның қолданылуы тоқтатылған немесе лицензия кері қайтарып алынған не лицензияның қолданылу мерзімі аяқталған кезеңдегі

- Сақтанушының іс-әрекеттері;
- 5.2.5. мемлекеттік органдардың өкімі бойынша аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын материалдарды алып қою, тәркілеу, реквизициялау, қамауға алу немесе жою;
- 5.3. Сақтандыру жағдайымен байланысты емес жәбірленушінің/Пайда алушының (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы) моральдық зияны, жоғалған пайдасы Сақтандырумен қамтылмайды.
- 5.4. **Кез келген жағдайда сақтандыру қорғанысы мыналарға қолданылмайды:**
- 5.4.1. Сақтанушыны және Сақтанушымен еңбек және/немесе шарт қатынасында тұрған адамдарды қоса алғанда, қасақана зиян (залал) келтірген кез келген тұлғалардың талаптары немесе талап арыздары. Қасақана зиян келтіруге залалдың ықтимал басталуы жеткілікті үлкен ықтималдықпен күтілетін және осындай іс-әрекеттерге жауапты адам саналы түрде жол беретін іс-әрекет немесе әрекетсіздік жасау теңестіріледі;
- 5.4.2. бір Сақтандырушыда жауапкершіліктері сақтандырылған Сақтанушылар бір-біріне қоятын талаптар;
- 5.4.3. соғыс қимылдары, көтерілістер, бүліктер, халық толқулары, қарулы топтардың немесе террористердің әрекеттері, зорлық-зомбылық әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 5.4.4. Сақтандырушымен келісілген, жалпы қабылданған нормаларға сәйкес жою қажеттілігін Сақтандырушы Сақтанушыға көрсеткен тәуекел дәрежесін едәуір арттыратын мән-жайлардың барысында Сақтанушының жоймауы салдарынан болған зиянды өтеу туралы талаптар.

6. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 6.1. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмеген болса, сақтандыру Шарты 1 (бір) жылға жасалады.
- 6.2. Егер шартта өзгеше белгіленбесе, сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын төлену күні Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына қаражат түскен күн болып есептеледі.
- 6.3. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.
- 6.4. Егер шартта өзгесі көзделмесе, Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі сақтандыру шартының қолдану мерзіміне сәйкес келеді және сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күнінде өзінің қолданылуын тоқтатады.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 7.1. **Сақтандырушы міндеттері:**
- 7.1.1. Сақтанушыны сақтандыру Ережелерімен таныстыру;
- 7.1.2. Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе Сақтанушыға және Пайда алушыға осы Ережелердің және сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тарту жіберу;
- 7.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеу;
- 7.1.4. сақтандыру жағдайы болған кезде сақтанушыға шығындарды азайту үшін жұмсаған шығындарды өтеу;
- 7.1.5. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 7.1.6. сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 60 күн өткеннен кейін, Сақтандырушыға құжат тапсыру қажеттілігі туралы ескертумен бірге, электронды поштаға немесе (өтініште көрсетілген мекенжайға қолма қол) хат бағыштау әдіспен тиісті түрде хабарлайды.
- 7.1.7. Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға;
- 7.1.8. сақтандыру Шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.
- 7.2. **Сақтанушы міндеттері:**
- сақтандыру шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

- 7.2.1. сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру мақсаттары үшін қажетті оны қызықтыратын барлық мәліметтерді беруге;
- 7.2.2. сақтандыру шартын жасасу кезінде және қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандырылған сақтандыру объектілеріне қатысты қолданыстағы немесе жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 7.2.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін аудит жүргізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойылған немесе талап арыздар жолданған кезде, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орнын, уақытын және барлық мән-жайларын көрсете отырып, жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы /Сақтандырылушы дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындау мүмкіндігіне ие болмаса, ол оны құжатпен растауға;
- 7.2.4. Сақтандырушының өкіліне шығын мөлшерін, себептерін және сақтандыру жағдайының басталу басқа себептерін анықтауға жәрдемдесуге;
- 7.2.5. егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы немесе осы сақтандыру қағидалары бойынша пайда алушыны/Сақтанушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара қайтаруға;
- 7.2.6. сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын, оның ішінде, егер сақтандыру шартында өзгеше көрсетілмесе, сараптама жүргізу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және консультациялар, қажетті құжаттарды жинау және т. б. бойынша шығыстарды көтеруге;
- 7.2.7. сақтандыру жағдайынан шығынның алдын алу немесе азайту шараларын қабылдау;
- 7.2.8. сақтандыру Шартында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауға.
- 7.3. **Сақтандырушының құқықтары:**
- 7.3.1. сақтанушыдан сақтандыру жағдай фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап ету;
- 7.3.2. сақтандыру жағдайдың белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын өз бетінше анықтау, оның ішінде құзыретті органдарға сұраным жіберу;
- 7.3.3. оған ұсынылған ақпараттар мен құжаттарды тексеру;
- 7.3.4. Сақтанушының келісімімен сотта іс жүргізуді өзіне қабылдау;
- 7.3.5. Сақтанушыға қойылатын талаптардың мөлшеріне заңда белгіленген тәртіппен қарсы шағымдану;
- 7.3.6. оқиға сақтандыру деп танылмаған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту бұл туралы Сақтанушыға және пайда алушыға жазбаша хабарлау;
- 7.3.7. тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшері тең қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету. Егер Сақтанушы сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қағидаларға сәйкес сақтандыру Шартын бұзуды талап ету;
- 7.3.8. Сақтанушы Шартта, сақтандыру ережелерінде көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 7.3.9. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасау;
- 7.3.10. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Ережелердің 10-тарауында баяндалған залал мөлшерін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген кезден бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.
- 7.4. **Сақтанушының құқықтары:**
- 7.4.1. Сақтандырушыдан сақтандыру Шартының қолданылу ережелері мен тәртібін түсіндіруді талап ету;
- 7.4.2. Сақтанушы Шартта, сақтандыру Ережелерінде көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 7.4.3. сақтандыру төлемін сақтандыру Шартында көзделген тәртіппен және шарттар бойынша алу;
- 7.4.4. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттер жасау;

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТТЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандырушы белгілеген нысанда жасалады. Өтініш-сауалнамада сақтандыруға өтініш берілген объект туралы барлық қажетті мәліметтер болуға тиіс. Өтініш жасалған сақтандыру Шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 8.2. Сақтандыру шарты Тараптардың бір құжат құрастыру жолымен жазбаша түрде жасалады.
- 8.3. Өтінішпен бір мезгілде Сақтанушы аудиторлық қызмет жүзеге асыру лицензияның көшірмесін, Сақтанушының аттестаттаған қызметкерлерінің тізбесін ұсынады.
- 8.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушының сақтандыру жағдай орны алу болжамдылығы мен оның келтіру мүмкін зияндарын бағалау мақсатында Сақтанушыдан толық және шынайы ақпарат алуға құқығы бар.
- 8.5. Егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және ықтимал залалдардың мөлшерін бағалау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру Шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.
- 8.6. Сақтандыру Шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылған болса заңды күшіне ие болады.
- 8.7. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 8.7.1. әрекет ету мерзімі аяқталса;
- 8.7.2. егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру сомасының толық көлемінде сақтандыру төлемі жүргізілген болса;
- 8.7.3. Сақтанушының таратылуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, Сақтандырушының таратылуы.
- 8.7.4. соттың сақтандыру Шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
- 8.7.5. егер сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарналарды Сақтанушы төлемесе;
- 8.7.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.
- 8.8. Сақтандыру шарты Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
- 8.9. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы, сақтандыру Шартын тоқтату ниетті Тарап екінші Тарапқа сақтандыру Шарты тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлауға міндетті.
- 8.10. Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабымен сақтандыру Шарты, осы Ережелердің 8.10.1.тармағында айқындалған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің қолданыстағы нұсқасында қарастырылған шарттар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтандырушы Сақтанушыға төменгі формула арқылы есептелген, сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарады:

$(100\% - 30\%) * (TCC - CC * i / N)$, мұнда:

30% - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC - Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

i - Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаған болып есептеледі);

N - Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

- 8.10.1. Сақтанушы - жеке тұлғаның талабы бойынша сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға төменгі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$(100\% - 10\%) * (TCC - CC * i / N)$, мұнда:

10% - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

TCC-сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

I – пайдаланылған күндер саны (өтініш берілген күн пайдаланылмаған болып есептеледі); **N**-

сақтандыру шартының қолданылу мерзімі (күндермен).

- 8.11. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (ҚР АҚ 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АҚ 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, ҚР АҚ 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- 9.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде **Сақтанушы міндеттері:**
- 9.1.1. сақтандырудың себептерін, барысы мен салдарын анықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;
- 9.1.2. дереу, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға және құзыретті органдарға болған оқиға туралы хабарлау фактісін объективті тіркеуге мүмкіндік беретін оған қолжетімді тәсілмен хабарлау;
- 9.1.3. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты оған қойылатын барлық талаптар туралы дереу хабарлау;
- 9.1.4. зиянды болдырмау немесе азайту үшін барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдау;
- 9.1.5. Сақтанушыға қол жетімділік шамасында, Сақтандырушының келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге қатысуын қамтамасыз ету;
- 9.1.6. сақтандыру жағдайлары бойынша залалды өтеу туралы негізделген талаптар қойылған жағдайда Сақтандырушыға сот және соттан тыс қорғауда барлық мүмкін болатын жәрдемді көрсету;
- 9.1.7. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарын, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін оған қолжетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы ұсыну;
- 9.1.8. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушының да, Сақтанушының да мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп тапқан жағдайда – осындай мүдделерді қорғау үшін аталған Сақтандырушы тұлғаларға сенімхат немесе өзге де қажетті құжаттарды беру. Сақтандырушының сотта Сақтанушының мүддесін білдіруге немесе сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтанушының құқықтық қорғалуын өзгеше түрде жүзеге асыруға құқығы бар, бірақ міндетті емес;
- 9.1.9. өтемақы төлемеу, сақтандыру жағдайының басталуына байланысты оған қойылатын талаптарды ішінара немесе толық мойындамау, сондай - ақ Сақтандырушының келісімінсіз мұндай талаптарды реттеу бойынша қандай да бір тікелей немесе жанама міндеттемелерді өзіне қабылдамау.
- 9.2. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін **Сақтандырушы міндетті:**
- 9.2.1. қажет болған жағдайларда сақтандыру жағдайының басталу себептері мен мән-жайларын, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін айқындау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыру;
- 9.2.2. сақтандыру Шартында, Ережелерде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

- 10.1. Сақтандыру жағдайын тану және сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Сақтанушы (оның уәкілетті өкілі) ұсынатын келесі құжаттар негіз болып табылады:
- 10.1.1. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы өтініш;
- 10.1.2. сақтандыру Шартының түпнұсқасы;
- 10.1.3. аудиттелетін субъектінің келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, зиянды өтеу туралы талап арызының талабы немесе көшірмесі, Сақтанушы аудит жүргізу кезінде келтірген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі;
- 10.1.4. заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;
- 10.1.5. Сақтанушы және аудиттелетін субъект арасында жасалған аудит жүргізуге арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 10.1.6. зиянның алдын алу және азайту бойынша шаралар қабылдауға байланысты шығындарды растайтын құжаттар (бар болса);

- 10.1.7. аудиторлық есептің көшірмесі;
- 10.1.8. егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру Шарты бойынша өтелуге жататын келтірілген зиянның мөлшерін айқындау, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипатын, себептері мен мән-жайларын белгілеу, Сақтандырушының зиян келтірген тұлғаға талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті ақпарат қамтылмаған жағдайда (Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеу/сақтандыру төлемінен бас тарту туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты сұрату себептерін түсіндіре отырып, дәлелді хат жіберу арқылы қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМ ТӨЛЕУДЕН БАС ТАРТУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.

- 11.1. Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан немесе бір сақтандыру жағдайына жауапкершілік шегінен, егер сақтандыру Шарты бойынша мұндай шектеу қойылған болса, одан аспайтын мөлшерде жүргізіледі.
- 11.2. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы егер Шартта өзгесі көзделмесе, жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде жауапкершілігін жалғастырады.
- 11.3. Сақтандыру шартының қолданылуы мерзімі ішінде туындаған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- 11.4. Сақтанушы, Сақтандырушы және зардап шеккен жәбірленуші сақтандыру жағдайының фактісін, сипатын, себебін, келтірілген залалдың мөлшерін, сондай-ақ Сақтандырушы, Сақтанушы және жәбірленуші қол қойған зиянды өтеу туралы келісімді шағымсыз растайтын қажетті және жеткілікті құжаттар болған кезде сақтандыру жағдайы туралы актіні жасай отырып, қойылған талаптарды соттан тыс реттеуді және егер мұндай шек сақтандыру шартында белгіленген болса, бір сақтандыру жағдайына жауапкершілік шегін қолдану бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруды келіседі. Тараптар арасында келіспеушіліктер болған кезде Сақтандырушы жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жәбірленушіге келтірілген залалдың мөлшерін айқындайды. Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау тәртібі сақтандыру Шартында айқындалады.
- 11.5. Егер жазбаша келісіммен және сот айқындаған және Сақтандырушымен келісілген мөлшерде Сақтанушының өзі келтірілген зиянның орнын толтырған жағдайда, сақтандыру төлемі Сақтанушыға жәбірленушінің/Пайда алушының Сақтанушыға шағымдан тиісінше ресімделген бас тартуы және осы Ережелерде көрсетілген сақтандыру жағдайының басталғанын және залалдардың мөлшерін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.
- 11.6. Егер зиян бірнеше Жәбірленушіге/Пайда алушыға келтірілген және сақтандыру сомасы немесе жауапкершілік шегінің жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, әрбір жәбірленушіге сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық жәбірленушіге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатынасына барабар жүзеге асырылады.
- 11.6. Егер келтірілген залалдың мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда олардың арасындағы айырмашылық залалдың нақты мөлшерін және жүзеге асырылған сақтандыру төлемін зиян келтіргені үшін кінәлі адам өтеуге міндетті.
- 11.7. Сақтандыру шартының талаптарын, Ережелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасындағы қағидаларды сақтамау Пайда алушыға/Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуға алып келеді. Бұл жағдайда үшінші Жәбірленушіге/Пайда алушыға зиянды өтеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен толығымен тікелей зиян келтірушіге жүктеледі.
- 11.8. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, сақтандыру төлемі келесі жағдайларда жүзеге асырылмайды:
- 11.8.1. егер сот Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар міндеттемелер туралы дұрыс емес және дұрыс емес мәліметтерді әдейі хабарлағанын анықтаса;
- 11.8.2. Сақтанушы зиян келтіргені үшін кінәлі адамнан тиісті өтеме алған жағдайда;
- 11.8.3. егер Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталуын тергеуге және залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтірсе;
- 11.8.4. Сақтанушы адамға зиян келтіргені үшін кінәліге немесе оған қойылатын талаптардың іске асырылуын қамтамасыз ететін құқықтарға қатысты талаптардан бас тартқан кезде, сондай - ақ

Сақтанушы Сақтандырушыға регрессиялық талап қою үшін қажетті құжаттарды-ол регрессиялық талап қою тәртібімен зиян келтірушіден өндіріп ала алатын сомаға беруден бас тартқан кезде;

- 11.8.5. егер Сақтанушы сақтандыру шартында белгіленген мерзімді бұза отырып, сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтініш берсе;
- 11.8.6. егер сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған жәбірленушінің іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындаса;
- 11.8.7. егер сақтандыру жағдайы жәбірленушінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді бұзуы салдарынан болса;
- 11.8.8. егер сақтандыру жағдайы жәбірленушілерге аудит жүргізу үшін қажетті толық емес және/немесе дұрыс емес құжаттаманы және басқа ақпаратты ұсыну салдарынан болса.
- 11.9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға және барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде сақтанушыға/пайда алушыға жазбаша дәлелді хабарлама жіберуге міндетті.
- 11.10. Егер жауапкершіліктің неғұрлым жоғары мөлшері сақтандыру шартында көзделмесе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.
- 11.11. Сақтандырушының осы Ережелердің 10-тарауында баяндалған құжаттар ұсынылмаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар. 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап, егер 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға құжаттарды сақтандырушыға беру қажеттілігі туралы еске сала отырып, хат жіберу әдісімен тиісті түрде хабарлаған болса.
- 11.12. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына сақтанушы сотқа шағымдана алады.

12. СУБРОГАЦИЯ

- 12.1. Сақтандыру төлемін жүргізген Сақтандырушыға, төленген сома шеңберінде Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты иеленетін талап ету құқығы. Сақтанушы сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Сақтандырушы кез-келген жағдайда қасақана зиян келтірген адамға талап қоюға құқылы.
- 12.2. Егер сақтанушы өзінің талап ету құқығын Сақтандырушы өтеме жасаған, келтірілген зиян үшін жауапты тұлға пайдасына бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Пайда алушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

13. ФОРС-МАЖОР

- 13.1. Сақтандыру Шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған Тарап егер еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін емес болғаны дәлелдесе, мүлдіктік жауаптылықта болмайды.
- 13.2. Форс-мажор жағдайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, өрттер, жер сілкіністері және басқа да табиғи апаттар, кез келген сипаттағы соғыстар немесе әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары.
- 13.3. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсерін бастан кешіретін Тарап мұндай жағдайлардың басталуы туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.
- 13.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсері құзырлы органдардың тиісті құжаттамаларымен расталуға тиіс.

14. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 14.1. Тараптар арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Қол жеткізілмеген жағдайда

өзара қайшылықтар келісімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

15. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 15.1. Осы Ережелерде реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 15.2. Тараптардың келісімі бойынша осы Ережелерге сәйкес жасалатын Шартқа, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, ерекше шарттар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.